

«Жас Ұлан»ББМЖҰ мүшелері

А.Тайманов атындағы № 34 мектеп-гимназиясында республика бойынша ұйымдастырылып жатырған «Дармарка – заттарға екінші өмір сыйла» атты мектепшілік акциясы 21.10.2021жылы «Жас Ұлан»ББМЖҰ мүшелерінің және 8 сыныптардың қатысуымен ұйымдастырылды.

Мақсаты: ескі заттарды қоқысқа тастамай, қажеттілікке жарату; үнемшілдікке тәрбиелеу.

Міндеті: дүние – мүлікке ұқыпты қарау; ысырапшылдықтан аулақ болу; экологиялық сауаттылыққа баулу.

«Дармарка – заттарға екінші өмір сыйла» акциясында оқушылар өзімен бірге қызықты, пайдалы, қолдануға жарамды заттарын алып келіп, пайдалы кеңестерімен бөлісті.

Республикалық «Таза ғаламшар» экологиялық акциясы аясында А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының мектеп парламенті «Жас Ұлан»ББМЖҰ мүшелерінің қатысуымен 1-11 сыныптар арасында 08-12.11.2021 ж аралығында «Батарейка тапсыр да, ресурстарды үнемде» экологиялық акциясы оздырылды.

Акция мақсаты: - Пайдаланылып қалған қалдық батарейкаларды қоқыс жәшігіне тастамай қажетті мекемелерге тапсыру;

- Қоршаған орта мен табиғатқа деген қамқорлықтарын арттыру.

10.11.2021жылы акция барысында жиналған батарейкаларды қаламыздағы «Орал Таза Сервис» орталығына тапсырылды.

Қаңтар-мамыр аралығында «Қазақстан – мейірімділік мекені» атты республикалық балалар бастамасының жоспары негізінде мектепшілік іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Сол жоспар негізінде шаралар рет-ретімен өткізіліп жатыр.

Мақсаты: Балаларды айналасындағы көмекке мұқтаж адамдарға бағытталған игі істер жасауға ынталандыру іс-шараларын ұйымдастыру, қоршаған ортаға деген мейірімді қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру.

«Мейірім мекені» жобасы бойынша арнайы жоспар жасақталып, профилактикалық және ағарту жұмыстары жүргізілуде. Мақсаты: Балаларға қатысты зорлық-зомбылықпен қатыгездіктің алдын-алу әр баланың құқықтарын қорғау. Қолайсыз жағдайға ұшыраған оқушы қатары болмады. Тәрбие сағаттарында, ата-аналар жиналысында алдын-алу жұмыстары жүргізіліп келеді. ШЖҚ МКК №5 қалалық емхананың психолог маман: Г.Т.Кабесовамен «Жасөспірім жастағы балалар арасындағы мінез-құлық» тақырыбында дәріс сағаты.

Облыстық психодиспансерлік наркологиялық мекеменің нарколог дәрігері Н.Ф.Сатанов маманмен «Жаман әдеттердің болашақ жастарға ықпалы» атты дәріс сағаты оздырылды. Өмірге позитивті көзқарас қалыптастыру мақсатында «Көңіл-күй формуласы», «Өмір мен үшін қымбат»тренинг сағаттары, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруда «Қызықты үзіліс» акциялары жоспарлы түрде жүргізіліп келеді.

А. Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясында «Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу» жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған іс шаралар жоспарын орындау мақсатында құрастырылған «Мейірім мекені»жобасы жүзеге асырылуда. Мектеп-гимназия бойынша жобаны жүзеге асыру іс-шаралар жоспары жасақталып, мектеп-гимназия директорының бұйрығымен жауапты адамдар бекітілді. Қарашада өткен №2 сынып жетекшілер отырысында «Мейірім мекені» жобасының іске асырылуы туралы мәселе қойылып, сынып жетекшілерге түсінік жұмыстары жүргізіліп, мәселенің өзектілігі, мақсат, міндеттері, жұмыс алгоритмі түсіндірілді.

Қазіргі кезде 1-11 сынып жетекшілері түгелдей эмоционалдық экран жүргізіп отыр. Бүгінгі таңда көңіл-күйі төмен деңгейдегі оқушылар анықталмады. Зорлық-зомбылықтың алдын-алу бағытында мектепте сынып сағаты, ата-аналармен жиналыс, тренинг, кеңес беру жұмыстары үнемі жүргізіледі.

03.11.2021ж “Атамекен”ҚБЖТЭО-да “Өз ағашынды отырғыз” атты ағаштар мен көшеттер отырғызу акциясын қалалаық тәлімгерлер арасында ҚР Тәуелсіздігінің 30жылдығына және “Жас Ұлан”ББМЖҰ-ның 10ж мерейтойларына орай ұйымдастырды.

2021-2022 оқу жылы барысында 24-25 қараша күндері Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30жылдығына орай экология күні аясында "Экопатруль қызметі" түсінік-жұмыстарын А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясының 9а,ә,б,в,г,д сынып оқушылары жүргізді. Әр сынып қоршаған орта тазалығын сақтау бағытында фотосуреттер дайындады.

Мақсаты: оқушылардың назарын қоршаған ортаны қорғау проблемасына аудару, адамдарды табиғатта ұстау мәдениетіне үйрету

Міндеті: - экономиканың барлық саласында экологиялық білім беру

- аумағымыздың санитарлық тазалық жағдайын бақылау.

24.11.2021 жылы «Жас Ұлан» РББМЖҰ мүшелері «Алтындар» СУ және мектеп айналасына шығып оқушылар мен қала тұрғындарына арнап өз айналамызды таза ұстау мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

25.11.2021 жылы 9а,ә,б,в,г,д сыныптары қоршаған орта тазалығын сақтау бағытында әр сынып 5 фотосурет дайындап мектеп баспалдақтарының жанына өздеріне бөлінген орындарына ілді.









